АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГККП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы 1 қыркүйек

№ 165-н/қ

Астана қаласы әкімдігінің "Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия" ШЖҚ МКК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Астана қаласы әкімдігінің "Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілсін.

2. Астана қаласы әкімдігінің Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

1) Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Астана қаласы әкімдігінің Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жалпы кезең 2025 жылғы маусымнан 2026 жылғы қазанға дейінгі кезең болып белгіленсін.

4. Жұмыс тобына:

1) 2026 жылдың 15 қазанына дейін талдамалық анықтаманы келісуді және оған қол қоюды қамтамасыз ету.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.М.Омашеваға, Ж.Мухамеджановаға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы 1 қыркүйек

№ 166-н/к

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жауапты қызметкерлері туралы

Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын және Астана қаласы Білім басқармасының 2021 жылғы 20 қазандағы №107-04-30-994 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыру міндетін директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Г.М.Омашеваға жүктелсін:

Мүшелері:

Жанабилова А.А.- директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

Буданова Г.Е.- директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары;

Ерменова Б.А. – бас есепші;

Джексенбаева А.А. – іс жүргізуші;

Жасузаков Т.С. – қамқорлық кеңесінің төрағасы.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметке сыбайлас жемқорлықтың алдын ала сақтандыру жөніндегі жүргізілген іс-шаралар бойынша есепті:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметі есебін Білім басқармасына тоқсан сайын жіберілсін. Жауапты: Г.М.Омашева, Ж.Мухамеджанова;

2) жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі әр айдың 10 күні есепті мектеп сайтына енгізілсін. Жауапты: Г.М.Омашева, Ж.Мухамеджанова.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы 1 қыркүйек

№ 167-н/қ

Қызметкерлер арасында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдениетті қалыптастыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру және қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту бойынша қосымша шаралар туралы» Жарлығының 2-тармағын басшылыққа алып, және қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Омашева Г.М., Мухамеджанова Ж.:

- мектеп білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, болдырмау мақсатында «Жеке жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаттары өткізілсін;

- мектеп қызметкерлері арасында қызметкерлермен қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту мақсатында журналға қол қою арқылы таныстыру жұмыстарын өткізсін және әрдайым жаңадан қабылданған қызметкерлермен түсіндіру, журналға қол қою арқылы таныстыру жұмыстарын жүргізсін;

- құзырлы орган қызметкерлерімен әр жарты жылдық сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шара, кездесулер ұйымдастырсын.

- мектеп басшыларымен, педагог қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша семинарлар өткізсін;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасу бойынша диалог алаңдарын ұйымдастырсын (диалог алаңдары);

- ата-аналар жиналысын өткізу барысында заңсыз ақшалай қаражат жинаудың алдын алсын;

- мектепте ақша қаражатын заңсыз жинауға тыйым салу туралы бұйрықты жарияласын;

- мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық бұрыштар жаңартылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**